

«Тандау» №5 мектеп-гимназиясы Қамқоршылық кеңесінің қызметі туралы ақпарат

2017 жылдың қараша айында «Тандау» №5 мектеп-гимназиясында Қамқоршылық кеңесі құрылды. Қамқоршылық кеңестің қызметіне арналған үлгілік ережелер мен Қамқоршылық кеңес туралы ереже бар. 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілген.

1. Жүсіпова Ажар Серікқызы – 2025 жылдан бастап Қамқоршылық кеңесінің төрайымы
2. Джаргакова Юлия Викторовна
3. Бушуева Надежда Викторовна
4. Қайыржанов Дастан Өтегенұлы
5. Михайлова Антонина Степановна
6. Сүлейменова Наталья Валерьевна
7. Исмағамбетов Марат Ирмекұлы
8. Бобрик Оксана Сергеевна – 2024
9. Баширова Светлана Маратовна – 2024
10. Даулетбекова Жанар Шоқтайқызы – 2025
11. Дьякова Надежда Николаевна – 2025
12. Ермұхан Жанар Сілбекқызы
13. Ақылбай Кәусар

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС

Қамқоршылық кеңес – еріктілік, тең құқықтылық, ашықтық және алқалылық қағидаттарына негізделген стратегиялық басқару органы.

Қамқоршылық кеңестің миссиясы:

Қамқоршылық кеңес гимназияның тиімді жұмыс істеуіне және дамуына жәрдемдесу мақсатында құрылады.

Қамқоршылық кеңес қоғамдық-консультативтік орган ретінде қызмет атқарады және гимназияның болашақтағы даму мәселелерін шешуге қатысады.

Қамқоршылық кеңестің міндеттері:

1. білім беру ұйымын дамытудың басым бағыттарын келісу;

2. Қамқоршылық кеңес анықтаған білім беру ұйымы жұмысындағы кемшіліктерді жою туралы тиісті саладағы уәкілетті органға немесе жергілікті атқарушы органға ұсыныстар енгізу;
3. білім беру ұйымының бюджетін қалыптастыру кезінде ұсыныстар әзірлеу;
4. білім беру ұйымының жарғысы мен ішкі тәртіп қағидаларына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуді келісу;
5. білім беру ұйымы таңдаған оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерінің баламалы нұсқаларын келісу;
6. білім беру ұйымының эксперименттік білім беру бағдарламаларын келісу.

Құрметті гимназия оқушыларының ата-аналары!

Егер Сізде Қамқоршылық кеңестің құзыретіне қатысты сұрақтар туындаса, 8-778-045-29-08 телефоны арқылы кеңес алуыңызға болады.